

«Туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасы» кабинеті



Академиялық 9 мекен-жайы бойынша №1 оқу ғимаратында туризм және мейрамхана ісі кафедрасының "Туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасы" мамандандырылған аудитория № 383а кабинеті бар. Кабинет "Туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасы", "Туристік бизнесті жоспарлау және ұйымдастыру", "Туризмология негіздері" пәндері бойынша оқу сабақтарын өткізуге мүмкіндік беретін компьютерлермен, қажетті жиһазбен, туристік жабдықтар мен жарақтармен, үлестірмелі және стендтік материалдармен жабдықталған. Университет басшылығы сатып алған және жаңартып отыратын бивак және арнайы туристік жабдықтар жиынтықтары туристік-спорттық жорықтарды ұйымдастыруға, далалық оқу-жаттығу тәжірибе түрлерін өткізуге, командаларды слеттер мен жарыстарға қатысуға дайындауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, студенттер туристік жабдықтарды жазғы кезеңде ққЭУ "Кооператор" базасында оқу-жаттығу жорығын ұйымдастыру шеңберінде пайдаланады. Мұнда студенттер Қарқаралы ұлттық табиғи паркінің аумағында туризмнің белсенді түрлері бойынша практикалық дағдылар мен іскерліктерін бекітеді.

